

"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 сәуір N 475

1996-98 жылдарда реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл жоспарын орындау үшін, экономиканы басқару жүйесін жетілдіру, бәсекелестікті дамыту мен жекешелендіруді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Байланыс-құрылысшы" ұлттық акционерлік компаниясының 1 қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және бірлескен кәсіпорындардың қорларындағы мемлекеттің үлестерін иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы акционерлерінің жалпы жиналысында мына мәселелер жөніндегі мемлекет мүддесін білдірсін:

2 қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін "Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясының жарғылық қорынан шығару және оларды Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне беру;

"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясының жарғылық қорынан "Комтел" және "Веснет" бірлескен кәсіпорындарындағы мемлекеттік үлестерді шығару;

құрылымның және кәсіпорындар мен бөлімшелерді басқару жүйесінің өзгеруіне байланысты "Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясының атауын "Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамы етіп қайта өзгерту;

шаруашылық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік туғызу мақсатында "Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамының жарғылық қорын толықтыруға қатысушылардың қосымша қаражаттарын тарту;

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Павлодарэлектронмаш" акционерлік қоғамының жарғылық қорынан "Веснет" бірлескен кәсіпорындағы оның мемлекеттік үлесін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша шығарсын, иелік ету, пайдалану мен басқару құқығын қайтарып алсын;

"Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамына "Веснет" және "Комтел" бірлескен кәсіпорындарындағы бұрын иелік ету, пайдалану мен басқару құқығы бойынша "

Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен " Павлодарэлектронмаш" акционерлік қоғамына тиесілі мемлекеттік үлестерді сенімді басқаруға берсін және "Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамын " Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясының " Теледидарды, радиохабары мен телефон байланысын интенсивті дамыту үшін Қазақ ССР-інде байланыс құралдарын шығаруды ұйымдастыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 29 қарашадағы N 753 қаулысына сәйкес "Веснет" және "Комтел" бірлескен кәсіпорындарын құруы үшін бөлінген шетел кредиттері бойынша құқықтық мұрагері етіп белгіленсін;

"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы акцияларын " Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамы акцияларына және "Веснет" және "Комтел " бірлескен кәсіпорындарының негізінде құрылған акционерлік қоғамдар (шаруашылық серіктестіктері) акцияларына (үлестеріне) бара-бар ауыстыру мүмкіндігін қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті байланыс құрылыс жүйесінің жеке және заңды тұлғаларын тарта отырып, 2 қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдары мен "Байланыс-құрылысшы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеттерін жабық аукциондарда сатсын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 ақпандағы N 147 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 6, 73-бап);

"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 ақпандағы N 184 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
1996 жылғы 19 сәуірдегі
N 475 қаулысына
1-қосымша

Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен мүлкіне
"Байланыс-құрылысшы" мемлекеттік акционерлік
компаниясының иелік ету, пайдалану және басқару

құқығы тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың
Тізбесі

"Алматытелефонстрой" АҚ, Алматы қаласы
"Промсвязь" АҚ, Алматы қаласы
"Связьмонтаж" АҚ, Алматы қаласы
"Связьстрой" АҚ, Атырау қаласы
"Востоксвязь" АҚ, Өскемен қаласы
"Байланыс" АҚ, Талдықорған қаласы
"Комтел" бірлескен кәсіпорны, Орал қаласы
"Веснет" бірлескен кәсіпорны, Павлодар қаласы

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
1996 жылғы 19 сәуірдегі
N 475 қаулысына
2-қосымша

Акциялардың мемлекеттік пакеттері Қазақстан
Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік
комитетіне сатуға берілетін акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Алматытелефонстрой" АҚ, Алматы қаласы
"Промсвязь" АҚ, Алматы қаласы
"Связьмонтаж" АҚ, Алматы қаласы
"Востоксвязь" АҚ, Өскемен қаласы
"Байланыс" АҚ, Талдықорған қаласы